«Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары, Төлеби ауданы» іс-шарасын жүргізуге арналған
№ 28/су келісім-шарты

Шымкент қаласы 10 наурыз 2009 жыл

«Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің атынан, Ереже негізінде әрекет ететін, басқарма бастығының орынбасары Д.Оразбаев, әрі қарай *«Тапсырыс беруші»* деп аталатын бір жағынан және «Б и Н» ЖШС-нің атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін, директоры Андабаев Б., әрі қарай *«Мердігер»* деп аталатын екінші жағынан, **«Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары, Төлеби ауданы»** жұмыстарын Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес және Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығының «Коммуналды меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру облыстық бюджеттік бағдарламаларындағы орындалатын жұмыстарды бір көзден тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы» 2009 жылғы 6 наурыздағы №16-Ө бұйрығы негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы шартын жасасты:

1. Шарт нысанасы

1.1.*Тапсырыс беруші* тапсырады, ал *Мердігер* **«Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары, Төлеби ауданы»** жұмыстарын орындауды өзіне алады.

1.2. Жұмыстар 003 «Коммуналды меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» облыстық бюджеттік бағдарламасы, 000 бағдарламашасы, 149 «Басқа да қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша жүргізіледі.

1.3. Жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) мерзімі шарт бойынша:
басталуы: 2009 жылғы наурыз айы
аяқталуы: 2009 жылғы шілде айы

2. Жұмыстардың құны және есеп айырысу тәртібі

2.1. *Тапсырыс* беруші атқарылған жұмыс үшін *Мердігерге* Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығының «Коммуналды меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру облыстық бюджеттік бағдарламаларындағы орындалатын жұмыстарды бір көзден тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы» 2009 жылғы 6 наурыздағы №16-Ө бұйрығы негізінде **2009 жылға қаралған лимитке сәйкес – 15 630 000 (он бес миллион алты жүз отыз мың) теңге төлейді**

2.2. *Тапсырыс беруші* орындалған жұмыс үшін есеп айырысуды *Мердігердің* есеп шотына ақшаны аудару жолымен бюджет қаражатының лимитіне және қаржыландыру жоспарына сәйкес, жүзеге асырылады.

2.3. *Тапсырыс беруші* барлық жұмыстар аяқталғанға дейін шарт сомасының 10 пайызын ұстап қалады. Ұстап қалған сома *Мердігерге* барлық жұмыстар аяқталып, түпкілікті қабылданғаннан кейін төленеді.

3. Қаржыландыру

3.1.*Тапсырыс беруші Мердігерге* осы келісім-шарттағы 2009 жылғы төленетін жалпы соманың 30 пайызын, яғни **4 689 000 (төрт миллион алты жүз тоқсан бес мың)** теңге авансты 2009 жылғы наурыз айының 31-не дейін және 2009 жылғы жалпы соманың 70 пайызын, яғни **10 941 000 (он миллион тоғыз жүз қырық бір мың)** теңгені 2009 жылдың 31 шілдесіне дейін төленеді.

3.2. Төлем *Тапсырыс беруші* қабылдап алған (орындалған) жұмыстардың актілері бойынша жүзеге асырылады.

3.3. Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес төлемдерге ай сайынғы қаржыландыру мерзімі анықталады.

4. Есеп тапсыру және жұмыстарды қабылдау тәртібі

4.1. *Мердігер* орындалған жұмыстар бойынша бекітілген сметаға сәйкес №2 форма актісін тапсырады.

4.2. Орындалған жұмыстарды *Тапсырыс берушінің* өкілдері қабылдайды.

4.3. Орындалған жұмыстардың актілеріне осы шарттың тараптары қол қояды.

4.4. *Мердігер* *Тапсырыс берушіге* әр айдың 20-нан кешіктермей орындалған жұмыстар туралы есептерді тапсырады.

4.5 *Тапсырыс беруші* жұмыс нәтижесін, осы шартта көрсетілген мақсатқа пайдалануға жарамсыз кемшіліктері болған жағдайда, қабылдамауға құқылы.

4.6. *Мердігер* шартта келісілген барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыстардың аяқталуы туралы *Тапсырыс берушіге* хабарлама жібереді. *Тапсырыс беруші* жеті күн мерзімінен кешіктермей Шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны белгілейді.

4.7. Толық жұмыстарды қабылдауды *Тапсырыс беруші* құрған мемлекеттік қабылдау комиссия, осы келісім бойынша тараптардың өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырады.

5. Тараптардың міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі

5.1. *Мердігер* осы Шарт бойынша *Тапсырыс берушінің* талаптарына, конкурстық өтінімнің баға кестесіне сәйкес орындауға міндеттеме алады.

5.2. *Тапсырыс беруші* мен *Мердігер* арасындағы осы шартқа қатысты барлық мәселелер тек жазбаша түрде жүргізілген жағдайда күші бар деп есептеледі.

5.3. Осы шарт бойынша жұмыстарды атқару кестесінің мерзімін сақтамағаны үшін *Мердігер* әр бір кешіктірген күні үшін, орындалмаған жұмыстардың көлемінен 0,1 пайыз мөлшерінде өсімпұл төлейді.

5.4. *Мердігер* қажетті аванс көлемі жөнінде тапсырыс береді және оның мақсатты жұмсалуына жауапты. *Тапсырыс беруші* берілген аванстың мақсатты жаратылуын тексеруге және аванстың мақсатсыз жаратылғандығын анықтаған жағдайда келісім шартты бұзуға құқылы.

5.5. Кінәлі тарап екінші тарапқа келтірілген шығындарды өтейді. Шарт бойынша жағдайлармен байланыспаған басқа адамдардың іс-әрекетінің салдарынан келтірілген шығын бойынша тараптар жауапты болмайды.

5.6. *Мердігер* конкурстық құжаттарға сәйкес келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, қазынашылық департаменттен тіркеуден өткеннен кейін он күн мерзім ішінде қарастырылған лимит сомасының 3 пайызы көлемінде банкілік кепілдеме тапсырады немесе осы көлемде *Тапсырыс берушінің* арнайы есеп шотына қаржы құяды.

6. Жеңе алмайтын күштің әсері

6.1. Форс-мажорлық жағдайлар себеп болған міндеттерді орындамағаны үшін тараптардың ешқайсысы да екінші тараптың алдында жауап бермейді. Форс-мажорлық жағдайлар осы шарт бойынша тараптардың аталмыш шартқа сәйкес, міндеттерін орындау мүмкіндігіне тікелей әсер ететін табиғи сипаттағы апаттар, әскери іс-әрекеттер болып табылады.

6.2. Өз міндетін орындамай отырған тарап екінші тарапты кедергі және оның шарт бойынша жағдайларға әсер етуі туралы хабардар етуге тиіс.

6.3. Форс-мажорлық жағдайлар пайда болған жағдайд, *Мердігер* осындай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша ескертуді *Тапсырыс берушіге* кідіріссіз жолдауы тиіс. Егер *Тапсырыс берушіден* басқа да жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, *Мердігер* өз міндеттерін барынша тиімді орындауды жалғастырып, форс-мажорлық жағдайларға байланысы жоқ шартты орындаудың альтернативтік тәсілдерін іздестіреді.

7. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

7.1. Осы шартқа енгізілетін қандай болмасын өзгерістер мен толықтырулар, шарт бағасынан басқа тек жазбаша түрде рәсімделіп, тараптар қол қойған жағдайда ғана күші болады.

7.2. Шартты мезгілінен бұрын бұзу, тараптардың келісімі бойынша және *Тапсырыс беруші қажет деп тапқан жағдайда,* бір жақты жолмен немесе Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін заңдарда қарастырылған негіздерге сәйкес, келтірілген

шығындарды төлеу және келісімді бұзудан бір ай бұрын екінші тарапты ескерте отырып, жүзеге асырылады.
7.3. *Мердігер* Шартты бұзу сәтінде нақты орындалған жұмыстар туралы есеп тапсыруға міндетті.

8. Дауларды шешу тәртібі

8.1 Осы Шарт бойынша немесе осы Шартқа байланысты тараптар арасында пайда болатын барлық даулар немесе келіспеушіліктер тараптар арасында келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.
8.2. Келіспеушіліктерді келіссөздер жүргізу жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, сот арқылы қарауға жатады.

9. Басқа да шарттар

9.1. *Мердігер* әр айдың 2 және 4 аптасының жұма күндері сағ 9-00 де басқармада өтетін лездемеге міндетті түрде қатысып, *Тапсырыс берушіге* жұмыс барысы туралы есеп береді.
9.2. Шарт Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді, бұл соңғы аталғанның нұсқау акцепті болып табылады.
9.3. Осы Шартта ескерілмеген жағдайларда, тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін басшылыққа алады.
9.4. Осы Шарттың қосымшалары, оның ажырамайтын бөлігі болып табылады:
№1 қосымша – қаржыландыру жоспары;
№2 қосымша – жұмыстардың атқару кестесі;
№3 қосымша – авансты өтеу кестесі;
9.5. Осы шарттағы міндеттемелер Шымкент қаласында орындалады.
9.6. Осы шарт тіркелген сәттен бастап 2009 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.
9.7. Осы Шарт бірдей заң күші бар 4 дана етіп, мемлекеттік тілде жасалынады: *Тапсырыс берушіге* екі дана, *Мердігерге* бір, Қазынашылық Департаменті үшін бір дана беріледі.

10. Тараптардың заңды реквизиттері

Тапсырыс беруші	**Мердігер**
«ОҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі ОҚО, Шымкент қ., Республика д., 6 СТН(РНН) 582100242601 ММ Коды 2543503 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БЖК(БИК) 195301070 КБе 12	«Б и Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Мекен-жайы: ОҚО Шымкент қаласы Ленгер тас жолы, н/ү СТН(РНН) 582 100 264 624 ЖСК (ИИК) 006 467 417 БЖК(БИК) 195 801 764 «Казкоммерцбанк» АҚ филиалы, Шымкент қаласы КБе 17
Басқарма басшысының орынбасары _____ Д.Оразбаев	Директоры _____ Андабаев Б.Б.

Қазынашылық Департаментінің тіркеу орны _____

«БЕКІТЕМІН»

ОҚО табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу
басқармасы бастығы

_____ Б.Көшербай
_____2009 жыл

Құрылыс жұмыстары аяқталған объектілердегі жұмыстарды қабылдау
жөніндегі мемлекеттік комиссияның

АКТІСІ

Қабылданатын объектінің аты: **Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары,** Төлеби ауданы.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығының 2009 жылғы 27 тамыздағы № 102-Ө бұйрығымен белгіленген төмендегі құрамдағы мемлекеттік қабылдау комиссиясы:

Н.Сартаева -Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығы орынбасарының міндетін уақытша атқарушы, комиссия төрағасы;

Ж.Рысбеков - Төлеби ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Ө.Рысбаев - Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау бөлімінің бастығы, комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері:

Е.Сатамкулов - Төлеби ауданы, Жоғарғы Ақсу ауылдық округінің әкімі (келісім бойынша);

Ж.Опышев - Төлеби аудандық мәслихат депутаты (келісім бойынша);

А.Бижанов - «Төлеби су шаруашылығы» МКК-ы директоры (келісім бойынша);

О.Байтұрсынов - «Табиғат қорғау» МКҚК-ны директорының орынбасары;

М.Ерімбетов - Жеке кәсіпкер, техникалық қадағалаушы;

Г.Құдайбергенова - «Южказэкопроект» ЖШС-нің директоры (авторлық бақылау) (келісім бойынша);

Б.Аңдабаев - Мердігер, «Б и Н» ЖШС-нің директоры

төмендегіше акт жасап қол қойды:

1 .*Құрылыс жұмыстары бітken объектіні қабылдау үшін комиссияға тапсырылған құжаттар:*

- «Б и Н» ЖШС-нің жұмыстарды орындағандығы жөніндегі 2009 жылғы 20 тамыздағы №68 хаты.
- Төлебй ауданы Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шараларының жобалау-сметалық құжаты
- атқарылған жұмыстар туралы актілер.
- орындалған жұмыстардың көлемдері (исполнительная съемка)

2. *Құрылыс жұмыстарын атқарушы*, мердігер: - «Б и Н» ЖШС-і.

3. *Комиссияға «Тапсырыс» берушінің ұсынған құжаттары*:

- 2009 жылғы 10 наурыздағы жасалынған №28/су келісім шарты.
- Атқарылған жұмыстарға төленген қаржылар туралы құжаттар.

- Жұмысшы комиссиясының актілері

4. *Құрылыс жұмыстарының басталуы*: 2009 жыл наурыз айы.
5. *Құрылыс жұмыстарының аяқталуы*: 2009 жыл қыркүйек айы.
6. *Құрылыс жұмыстарының орындалуы*: нормаға сәйкес жүргізілген
7. *Құрылыс-монтаж жұмыстарына берілген баға*:

_____

8. *Құрылыс-монтаж жұмыстары барысында бекітілген жобадан, құрылыс нормалары мен ережелерінен жіберілген ауытқулар:* жоқ.

_____

_____

9. *Құрылыс жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсында белгіленген баға:* 16947920 (он алты миллион тоғыз жүз қырық жеті мың тоғыз жүз жиырма теңге)
10. *Құрылыс жұмыстарына нақты жұмсалған қаржы:* 15630000 Он бес миллион бес жүз алпыс үш мың теңге.

ҚОРЫТЫНДЫ

Төлеби ауданы «Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары» жобалау-сметалық құжаттарына, құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілген, құрылыс жұмыстары аяқталған нысандарды қабылдау талаптарына жауап береді.

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Қабылдауға ұсынылған Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары, Төлеби ауданы, жұмыстары _____ _____ деген бағамен қабылдансын.

Комиссия төрағасы Н.Сартаева

Комиссия төрағасының орынбасары Ж.Рысбеков

Ө.Рысбаев

Е.Сатамкулов

Ж.Опышев

А.Бижанов

О.Байтұрсынов

М.Ерімбетов

Г.Құдайбергенова

Б.Аңдабаев

Төлеби ауданы Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналын ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шараларыу

Тапсырған
«Б и Н» ЖШС-ның директоры
Б.Аңдабаев

Қабылдаған
«Төлеби су шаруашылығы» МКК-ның директоры
А.Бижанов

Мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру
тәртібі бойынша Республикалық және
жергілікті бюджет есебінен

Тапсырыс беруші:
ОҚО табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы
Шымкент қаласы, Республика даңғылы,6-үй

Мердігер:
Б и Н ЖШС
Мекен-жайы: ОҚО Шымкент қаласы
Ленгер Тас жолы н/ү

А К Т

2009 жылғы 10 наурыздағы № 28/су келісім шарт бойынша 2009 жылғы 17 тамызғы орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) туралы.

Орындалған жұмыстың (көрсетілген қызметтің) аталуы және түрі: «**Мәдени ауылындағы «Бидайшы» каналые ағын сумен қамтамасыз етуді жақсартудың комплексті шаралары, Төлебі ауданы»**

Орындалатын жұмыстың жалпы көлемі: **15 630 000 (Он бес миллион алты жүз отыз мың) теңге.**

Алдыңғы орындалған жұмысқа жасалынған актінің сомасы: **13 134 000 (Он үш миллион бір жүз отыз төрт мың) теңге.**

Мердігердің нақты (барлық) атқарған жұмыстарының сомасы: **15 630 000 (Он бес миллион алты жүз отыз мың) теңге.**

Мердігердің келісім-шарттың 2.3. тармағына сәйкес барлық отқарылған жұмыстың 10 пайызы ұсталып, түпкілікті қабылданғанан кейін төленетін сома: **1 563 000 (Бір миллион бес жүз алпыс үш мың) теңге.**

Мердідерге атқарылған жұмыстар үшін аударылатын төленетін сомасы: **933 000 (Тоғыз жүз отыз үш мың) теңге.**

Тапсырыс беруші:
«ОҚО табиғи ресурстар және табигат
пайдалануды реттеу басқармасы»
мемлекеттік мекемесі
ОҚО, Шымкент қ.,Республика д.,6
СТН (РНН) 582100242601
ММ Коды 2513503
ОҚО бойынша Қазынашылық
Департаменті
БЖК (БИК) 195301070
Кбе 12

Мердігер:
«Б и Н» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Мекент-жайы: ОҚО Шымкент қаласы
Ленгер тас жолы, н/ү
СТН (РНН) 582 100 264 624
ЖСК (ИИК) 006 467 417
БЖК (БИК) 195 801 764
«Казкоммерцбанк» АҚ филиалы,
Шымкент қаласы
Кбе 17

Басқарма бастығы орынбасарының міндетін атқарушы — Н.Сартаева

Директоры — Андабаев Б.Б.

Бас есепші — Ш.Нұрмахамбетова

Бас есепші — Қарастырылмаған